

¹Қыдыр Т.Е.  ²Утпинов Н.Т.  ³Әділбаев А.Ш. 

¹ҚМДБ Ислам ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан

^{2,3}Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹qydyr.torali@gmail.com, ²eskendirmahambet1@gmail.com,

³shamshat.nmu@mail.ru

ӘЛШЕР НАУАИДІҢ «НӘСӘИМ ӘЛ-МУХАББАТ МИН ШӘМӘИМ ӘЛ-ФУТУУӘТ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ИАСАУИ МЕН ОНЫҢ МҮРИДТЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Ахмет Иасауидің рухани мұрасы мен шәкірттеріне қатысты деректер түрлі жазба ескерткіштерде кездеседі. Табақат, тәзкире, манақыбнама, рисала секілді түрлі жанрларда жазылған сол жәдігерлерді зерделеп, онда келетін деректердің шынайылығына көз жеткізу маңызды. Парсы және түркі тілдерінде жазылған ортағасырлық ескерткіштердің кейбірінде тың мәліметтер қамтылса, ендігі біріндегі деректер келесі бір жәдігерде сол қалпында қайталанады. Бізге дейін жеткен деректер XIII-XX ғғ. қамтиды. Сондай жазба ескерткіштердің бірі – Әлшер Науаидің «Нәсәим әл-мухәббат мин шәмәим әл-футууәт» атты туындысы. Ол өзіне дейін жеткен араб, парсы тілдеріндегі агигорафиялық шығармаларды зерделеп, оларға еңбей қалған түркіден шыққан діни ағартушыларды өз туындысына қосуды көздеген. Нәтижесінде көлемі жағынан түркі дүниесінен шыққан діни ағартушылар мейлінше қамтылған шығарма дүниеге келген. Осы жәдігерде парсы ақындарының (Аттар, Жәми) тәзикрелерінде қамтылмаған Иасауи мен Хакім ата, Ысмайыл ата, Ысқақ ата, Садр ата, Темірші ата, Қылышты ата секілді оның мүридтері туралы мәліметтер қамтылған. Науаи осы еңбегінде Хорасан, Мәурәннәһір мен Дешті Қыпшақтан шыққан әулие-машайықтар туралы қысқаша мәліметтер беру арқылы иасауия рухани мектебінің (тариқатының) өкілдерін мейлінше қамтуға тырысқан. Сондай-ақ, ол кейбір діни тұлғалардың өмір дерегін бере отырып, тариқаттар (иасауия-кубрауия, иасауия-нақышбандия) арасындағы рухани бауырластыққа назар аударған. Автор осы мақаласында Науаи шығармасының ерекшелігі мен ондағы деректердің иасауитанудағы маңызы туралы өз тұжырымдарын ұсынады. Онда келтірілген кейбір деректердің шынайылығына назар аударады. Зерттеудің мақсаты – «Нәсәим әл-мухәббат» шығармасындағы Иасауи тариқатына қатысты деректердің шынайылығына анықтау. Негізгі міндеттері – материалды түпнұсқадан оқу, діни-сопылық жәдігерлерді зерделеу, агигорафиялық ескерткіштермен салыстыру және т.б. Сондықтан да, зерттеу барысында көне мәтіндерді салыстыру үшін тарихи-салыстырмалы әдіс, сондай-ақ, жәдігердегі мәліметтерді баяндау, бар деректерді жинақтау, қол жеткізген дүниелерді сараптамалық талдау әдістері де кеңінен қолданылды. Зерттеудің жаңалығы – Иасауи мен оның шәкірттеріне қатысты шынайы тарихи деректерге қол жеткізілді. Практикалық мәні – дәстүрлі ислам құндылықтарын насихаттауда Иасауи рухани мектебі өкілдерінің мұрасын кеңінен орын беріледі. Қорытында зерделеу барысында қол жеткізіліген негізгі тұжырымдар жинақталып берілді.

Алғыс: Мақала «Ясауи мұрасына жаңа көзқарас: қазақ дәстүрі мен Орталық Азиядағы сопылық тарихындағы әулие феноменін кешенді зерделеу» жобасы аясында орындалды (AP19675718).

Кілт сөздер: Иасауи, агиография, тәзкире, дерек, әдебиет, жазба жәдігер, рухани мұра.

Кіріспе

«Түркістанның пірі» («Пир-е Туркестан»), «Ғаріптердің сұлтаны» («Султан әл-

‘әрифин»), «Құтыбтардың құтыбы» («Қутб әл-әқтаб») болған Қожа Ахмет Иасауидің өмірі (тәржимә-е халы) мен рухани жолы (тариқаты) туралы біраз ғылыми еңбектер жазылған. Батыстың ориенталистері мен орыстың түркітанушыларын былай қойғанда, түркі халықтарынан шыққан мутасауфтар (сопытанушылар) да ақын мұрасын зерделеп, ғылыми тұжырымдар жасаған. Сегіз ғасырға созылған иасауитану саласын негізгі үш кезеңге бөліп қарастыруға болады: ортағасырлық (XIII-XVI ғғ.), ояну дәуірі (XIX-XX ғғ.) және бүгінгі кезең. XIII-XVI ғасырлардағы Иасауи ілімін зерттеп, насихаттауда, негізінен, оның шәкірттерінің үлесі басым. Сондай-ақ, басқа тариқат өкілдері тарапынан жазылған агиографиялық туындылар да жетерлік. Ал, уммалықтан миллеттікке өту кезінде, яғни ояну қарсаңында жазылған еңбектердің басым бөлігі түркітанулық бағытқа негізделген. Яғни, түркішілдік идеяларының оянуының негізінде қолға алынған зерттеулер. Ал, бүгінгі зерттеулерде өткен тарихқа үңіліп, жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды қарастыру жағы басым. Ортағасырлық мутасауфтар практик әрі теоретик болса, кейінгі кезеңдердегі ғалымдардың басы бөлігі теориялық тұрғыдан қарастыруға күш салған. Әрі ортағасырлық туындылардың деректік жағы басым болса, кейінгі ғасырлардағы зерттеулерде ғылыми тұжырымдарға кеңінен орын берілген. Иасауитану саласының арғы арналары ортағасырларға барып тірелгенімен де, бұл салада әлі шешімін таппаған мәселелер жетерлік. Оны деректердің әлсіздігімен әрі жеткіліксіздігімен де байланыстыруға негіз бар. Десек те Иасауи заманына жақын уақытта жазылған жазба жәдігерлерді зерттеп, ой қорытып отыру маңызды. Осы тұрғыдан келгенде ортағасырлық агиографиялық туындылардың маңызы арта түсері анық.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Түркі мұсылман халықтарының руханиятында өзіндік орны бар Қожа Ахмет Иасауи мен оның мұрасы туралы деректер ортағасырлық парсы және түркі тілдеріндегі жазба жәдігерлерде кездеседі. Атап айтқанда, Сүлеймен Бақырғанидың (XII ғ.) даналық сөздерінде, Сопы Мұхаммед Дапышпанд Зарнұқидың (XIII ғ.) «Мират әл-қулуб», Хусеин Уәиз әл-Кәшифидің (XV-XVI ғғ.) «Рашахат әин әл-хәйәт», Шайх Хұдайдад бин Таш-Мұхаммед Әзизан әл-Харезми әл-Бұхаридің «Бустан әл-мухиббин», Ысқақ бин Ысмайыл Қазығұртидың (XIV ғ.) «Хадикат әл-әрифин», Мәуләнә Сәфи әд-Дин Орын Қойлықидың (XII ғ.) «Насабнама», Фәзлулла Исафаһанидың «Мейманнама-е Бухара», Алим Шайхтың (XVI ғ.) «Ләмәхәт мин нәфәхәт әл-қудс», Сұлтан Ахмет Хазинидің (XVI ғ.) «Жәуаһир әл-әбрар мин әмуәж әл-бихәр», «Мәнбәғ әл-әхбәр фи рийази әл-әбрәр», «Жәмиғ әл-муршидин», «Хужжәт әл-әбрәр дәр әсами-е әулия-е кибәр», Шайх Зинда Әли Мирактің «Сәмәрәт әл-мәшәйих», Мұхаммед Шәриф Бұхаридың «Хужжәт әз-зәкирин» атты туындыларында Иасауи мен оның рухани ілімі туралы құнды мәліметтер сақталған. Жазба жәдігерлердің дені XII-XVI ғасырларда хатқа түскенімен де, авторлар өздеріне дейін хатқа түскен бірер еңбекті басты дереккөз ретінде алғаны анық. Агиографиялар мәліметтерінің әралуандығымен ерекшеленеді дегенімізбен де, олар бір-бірін жоққа шығармайды, қайта қуаттап, толықтырып отырады. Тіпті кейбірінің құрылымы, ақпаратты жеткізілу тәсілі де өте жақын. Себебі өзіне дейін жеткен деректің өзегін сақтай отырып, сол қалпында жеткізу маңызды. Мысалы, иасауитанушы Н.Хасан XIII-XIV ғасырларда өмір сүрген Имам Хусам әд-Дин Сығнақидың «Рисәлә дәр тәржимә-е Әхмәд Иәсәуи» атты рисаласын алға тартып, бұл туындының кейінгі ғасырларда жазылған жәдігерлерге басты дереккөз болғанын жазады. Оған айғақ ретінде Алим Шайхтың «Ләмәхәт мин нәфәхәт әл-қудс», Мұхаммед Шәриф Бұхаридың «Хужжәт әз-зәкирин» атты еңбектерінде осы рисаладан үзінділер келтірілгенін атап өтеді (Хасан, 2012:64). Белгілі фақих, мутәкәллим Хусам әд-Дин Сығнақидың 1223-1314 жылдар аралығында өмір сүргенін ескерсек (Керім, 2024:4-11), онда оның Иасауи туралы жазған рисаласы бұл саладағы негізгі дереккөздердің бірі саналатыны анық. Алайда Сығнақидың өмірі мен еңбектерін қарастырған Ш.Керімнің зерттеуінде оның он еңбегінің тізімі берілгенін, олардың арасында Иасауиге қатысты рисаласы қамтылмаған баса айтқан жөн (Керім, 2024:46-50). «Рисәлә дәр тәржимә-е

Әхмәд Иәсәуи» аты рисаланың парсы тілінде жазылғанын ескерсек, онда ол жәдігердің бар еңбектерін арабша жазған Сығнақидың қаламына қаншалықты тиесілі деген орынды сұрақ та туындайды. Сондықтан да рисаланың авторлығына қатысты мәселені әлі де тереңірек қарастырған орынды дер едік.

Иасауи мұрасы туралы мәлімет беретін жазба жәдігерлер Ф.Көпрулу, И.Хаққул, Б.Бабаджанов, D.DeWeese, Ә.Муминов, З.Жандарбек, Н.Хасан, Ө.Тұяқбай, Т.Қыдыр секілді иасауитанушылар тарапынан зерделеніп, ғылыми тұжырымдар жасалған. Сондай-ақ, «Рисалә-е Хәзрәт-е Хәким ата рахматуллаһи әләйһ» (Buzrukov..., 2025: 455-486), «Исмаил ата рисаләси» (Tosun, 2025:172-179) «Мәнәқиб-е Зәңги ата уә әурат уә насабнама-е Саид-ата» (Молотова, 2025:241-249) секілді соңғы жылдары табылған рисалалар мамандар тарапынан қолға алынып, біртіндеп ғылыми айналымға еніп отыр. Қожа Ахмет мұрасына қатысты жазылған агиографиялық туындылардың басым бөлігі иасауия рухани мектебінің өкілдеріне тиесілі болса, сондай-ақ өзге тарихат өкілдері тарапынан жазылған шығармалар да кездеседі. Ол еңбектерде Иасауидің тарихи тұлғасы мен оның шәкірттеріне қатысты құнды мәліметтер жинақталған. Сондай жазба жәдігердің бірі – Әлішер Науаидің «Нәсәим әл-мухәббәт мин шәмәим әл-футууәт» атты туындысы. 1495 жылы жазылған бұл туындыда ортағасырлық діни тұлғалар туралы біраз деректер қамтылған. Соның ішінде тақырыбымызға өзек болып отырған Иасауи мен оның шәкірттеріне қатысты құнды мәліметтер де бар. Сондықтан да онда келтірілген деректерді саралап, зерттеу маңызды дер едік. Осы жазба жәдігерді зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, баяндау, жинақтау, сараптамалық талдау әдістері қолданылды. Сондай-ақ, семиотикалық, құрылымдық және герменевтикалық талдауларға да орын берілді.

Талқылау

Діни қайраткерлердің өмірі мен рухани мұрасына қатысты мәліметтер қамтылған жазба жәдігерлер табақат немесе тәзкіре деген атпен белгілі. Сондай-ақ, манақыбнамаларда (манақиб, манқабә) да діни тұлғалардың ғибратты ғұмырларынан қызықты хикаялар да орын алады. Ислам ғалымдары биографияларының хронологиялық тәртіп бойынша берілуі табақат деп аталатыны белгілі. Мухаддистер мен фақиһтардың өмір-дерегінен хабар беретін табақат үлгісімен бертін келе сопылар мен мутасаууфтар туралы да еңбектер жазыла бастады. Әбу Әбді Рахман әс-Суләмидің (937-1021 жж.) «Табақат әс-суфийа» атты еңбегінде сол заманның белгілі сопылары туралы біраз мәлімет қамтылған. Алайда парсы әдебиетінде бұл жанр тәзкіре деген атпен дами бастады (Ардашникова, 2016:5). Мысал ретінде Фәрид әд-Дин Аттардың (1145-1221 жж.) «Тәзкірәт әл-әулийа» атты шығармасын атап өтуге болады. Аттардың бұл еңбегінде 97 әулие туралы мәліметтер қамтылған. Бұл туынды кейінгі тәзкірелердің жазылуына әсер етті. Бертін келе түркі жазба әдебиетінде де тәзкірелер дүниеге келе бастады. Дәулатшаһ Самарқандидың (1436-1495 жж.) «Тәзкірәт әш-шуара», Әлішер Науаидің «Мәжәлис ән-нәфәис» атты шығармалары осы үлгіде жазылды. Осы екі тәзкіреде ортағасырлық шайырлардың өнегелі өмірі туралы мәлімет беріліп, өлеңдерінен үзінділер келтірілген. Сондықтан да кейбір теоретиктер тәзкірені ақындардың өмірі мен шығармашылығы қамтылған антология ретінде қарастырады. Десек те бұл жанрдың аясы поэтикалық антологиялармен ғана шектелмейтінін ортағасырларда жазылған жазба жәдігерлерден аңғаруға болады.

Табақат пен тәзкіре жанрларының табиғаты туралы сөз қозғауымызға себеп, біз қарастырғалы отырған «Нәсәим әл-мухәббәт» шығармасының осы екі жанр аясында зерттелуі дер едік. Тәзкірелер поэтикалық антологиялардан ғана тұрады деген пікірді ұстанатын ғалымдар Науаидің бұл шығармасын табақат жанры аясында қарастырған. К.Мермер өзінің зерттеуінде Науаидің «Мәжәлис ән-нәфәисін» тәзкіре, ал «Нәсәим әл-мухәббәт мин шәмәим әл-футууәтін» табақат деп қарастырып, екі жанрдың жазылу мәнеріне назар аударады. Ол тәзкіренің сынға, талдауға, яғни реалистік көзқарасқа көбірек сәйкес келетінін, ал табақатта

мадақтау мен дәріштеуге көп орын беріліп, кейде тарихи шындыққа мүлдем қайшы келетін дүниелердің қамтылу мүмкіндігіне тоқталады (Мермер, 2024:387). Ол «Нәсәимдегі» Ахмет Жүйнекеге қатысты мәліметтің шындықтан қашық жатқанын алға тартып, оның табақат жанрында жазылғандығын баса айтады. Х.А.Есир, С.Каража да Әбді Рахман Жәмидің «Нәфәхәт әл-унс мин хәдәрәти әл-қудс», Әлішер Науаидің «Нәсәим әл-мухәббәт мин шәмәим әл-футууәт» және Лами Челебидің «Футух әл-мужәһидин ли тәруихи қулуби әл-мушәһидин» атты шығармаларын сопылық табақат жанры аясында салыстырып шыққан (Есир, 2017). Науаидің академиялық жинақтарында оның «Мәжәлис ән-нәфәисі» мен «Нәсәим әл-мухәббәті» тәзикре жанрымен жазылғаны айтылған (Алишер Навойи, 2001). Себебі тәзикре де табақат секілді тек қана поэтикалық антологиялардан ғана тұрмайды, онда діни қайраткерлер мен тұлғалардың да ғибратты ғұмырларынан үзінділер келтіріліп, олар туралы естеліктер де берілетіні анық. Сондай-ақ, ақындар не сопылар мұрасы ғана емес, сонымен бірге тарих, философияға қатысты да тәзикрелер жазылған. Сондықтан да, «Нәсәим әл-мухәббәттің» жанрлық ерекшелігін анықтауды алдағы зерттеулерімізге қалдырып, бұл мақаламызда Иасауи мен оның шәкірттеріне қатысты деректерге арнағанды дұрыс көрдік.

Әлішер Науаидің «Нәсәим әл-мухәббәт мин шәмәим әл-футууәті» Әбді Рахман Жәмидің «Нәфәхәт әл-унс мин хәзәрәт әл-қудс» негізінде жазылғаны белгілі. Ұстазы Жәмидің өз еңбегін жазуына Науаи әсер еткен. Бұл туралы ақын өзінің «Хәмсәт әл-мутахайирин» атты туындысында Жәмидің бірнеше шығармаларды жазуына өзі себепкер болғанын, солардың бірі – «Нәфәхәт әл-унс ми хәзәрәт әл-қудс» екеніне тоқталады. Содан ұстазы Жәмиге қарата Қожа Абдолла Ансаридың «Табақат-е мәшайих-е суфия», Фәрид әд-Дин Аттардың «Тәзқирәт әл-әулия», Шейх Әбу Әбді Рахман Сулләмидің «Табақат-е Сулләми» атты еңбектерінде әулие-машайықтардың толық қамтылмағанын, сондықтан да бұрынғы өткен діни қайраткерлер туралы мәліметтерді жүйелеп, қайта жазып шығу қажеттілігін айтады (Алишер Навойи, 1999:59-60). Содан Жәми шәкірті Науаидің ұсынысымен 1476-1478 жылдар аралығында «Нәфәхәт әл-қудс» тәзқиресіне отырады. Ол осы шығарманы қолға аларда Абдолла Ансаридың «Табақат әс-суфия» еңбегінен бөлек, «Кәшф әл-мәхжуб», «Тарих-е гузида», «Тәзқирәт әл-әулия», «Рисәлә-е қудсия» секілді жүзден аса кітапты пайдаланған (Қораев, 2020:59).

Науаи араға жиырма жыл салып ұстазы Жәмидің «Нәфәхәт әл-унс» еңбегінің ізімен өзінің «Нәсәим әл-мухәббәт» атты шығармасын жазып шығады. Ол еңбегінің кіріспесінде ұстазы Жәмидің тәзқиресі ел арасына тарап, кеңінен танымал болғандығын («*Ул китоб халойиқ орасида машхур ва ўқумоқ ва битимаги шоеъ бұлди*») атап өтеді де, онда парсыша, арабша ұғымдар көп болғандықтан да («*Доим ошуфта хотирга келур эрди ва паришон хаёлга эрулур эрдиким, ул китоб алфози форсийдур, арабийга пайваста*»), оны түркіге тәржамалауға кіріседі («*Хотирга кечмишким, агар саъй қилсам, бу китобни турк тилига таржима қила олғаймуман ва ул дақойиқу мушкилотни равшанроқ алфоз ва очуқроқ адо била ўткара олғанмуман?—деб мутааммил эрдим*»). Сондай-ақ, ол «Нәфәхәт әл-унсқа» Фәрид әд-Дин Аттардың «Тәзқирәт әл-әулиясындағы» біраз әулиелердің еңбей қалғанын, сондай-ақ Үнді машайықтары да қамтылмағанын айта келіп («*Ҳазрат шайх Фаридуддин Аттор қ. с. битиган «Тазқират ул-авлиё»дин баъзи кибор машойихким, «Нафаҳот ул-унс»га дохил бўлмабдур эрди – ҳар қайсини муносиб маҳалда дохил қилдим ва Ҳинд машойихи шарҳи ҳам оз мазкур эрди*»), Қожа Ахмет Иасауиден бастап өз заманына дейінгі түркіден шыққан машайықтар туралы мәлімет беруге тырысқанын атап өтеді («*ва турк машойихи зикри ҳам озроқ эрди, они доғи Ҳазрат шайх ул-машойих Хожса Аҳмад Яссавий р.дин бу замонғача улча мумкин бор тилаб топиб, зикрларин ва баъзи ҳолоту сўзларин ўз маҳалида дарж қилдим*»).

Әлішер Науаидің «Нәсәим әл-мухәббәті» 1495 жылы жазылады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ол Жәмидің тәзқиресін сол қалпында тәржімалап шығуды көздемеген, оған ұстазының еңбегіне кірмей қалған діни тұлғаларды, соның ішінде үнді мен түркіден шыққан діни қайраткерлерді енгізген. Сондықтан да, Науаи жәй ғана тәржімашы емес, сонымен қоса –

автор. Мысалы, Фәрид әд-Дин Аттардың «Тәзікресінде» 97, Әбді Рахман Жәмидің «Нәфәхәт әл-унсында» 618 әулие-машайықтар қамтылса, Науаидің «Нәсәим әл-мухәббәтінде» 770 діни тұлға енген. Оның 35 әйел затынан шыққан діни ағартушылар болатын.

Науаи араб, парсы тілдерінде жазылған табақат, тәзкіре, манақыбтарды зерделеп, өз туындысын қолға алған. Бірақ оларды сол қалпы қайталап шығуды артық санап, тәзкіресіне жаңаша сипат берген. Кейбір тұлғалардың өмір тарихын қысқартса, ендігі бірі туралы мол мәлімет беруге тырысқан. «Шәйх әл-исләм Мәуләнә Нур әд-Дин Әбді Рахман Жәми (қ.р.)» деп, өзінің ұстазы туралы да мәлімет берген. Өзіне дейінгі агигорафиялық туындыларды қарап шыққан Науаи өзінің тәзкіресін пайғамбар заманындағы Уәис әл-Қаранидың (594-657 жж.) ғибратты ғұмырынан бастаған. Фәрид әд-Дин Аттардың «Тәзкіресі» VIII ғасырда өмір сүрген Жағыпар Садықпен (702-765 жж.), ал Әбді Рахман Жәмидің «Нәфәхәті» осы ғасырда өмір сүрген Әбу һашим әс-Суфимен (?-778 ж.) басталатыны белгілі. Науаи түркі текті болғандықтан да, түркі даласынан шыққан жүзден аса әулие-машайықты шығармасына енгізген. Солардың қатарында Қожа Ахмет Иасауи мен Хәкім ата, Хәлил ата, Ысхақ ата, Ысмайыл ата, Садр ата, Темірші ата, Қылыш ата секілді оның шәкірттеріне ерекше орын берген.

Науаи тәзкіресінде Жүсіп Хамаданидің өмірі туралы жазғанда «Шәкірттерінің (асхаб) арасында халифасы төрт адам еді: Қожа Абдолла Барқи, Қожа Хасан Андақи, Қожа Ахмет Иасауи, Қожа Әбді Халық Ғыждуани. Қожа Жүсіптен кейін осы төрт адамның әрқайсысы иршад пен дағуат мақамына жетіп, мүридтері әдеппен қызметтерінде болды. Содан Қожа Ахмет Иасауи Түркістан жаққа жол алды» – деп, шәкірттерінің қатарында «Түркістан пірін» де атап өтеді (Алишер Навоий, 2001:248). Десек те Иасауидің рухани шежіресіне назар аударған Девин Де Уис насабнамаларда Жүсіп Хамаданидің кездеспейтіндігін алға тартып, оның силсиласын былайша таратады: «Хәзірет Мұхаммед – Әли ибн Әбу Тәліп – Шейх Хасан Басри – Шейх Хабиб Ажами – Шейх Дәуіт Тайи – Шейх Мағруф Карһи – Шейх Сари Сақати – Шейх Әбу әл-Фәзл Сарахси – Шейх Әбу Сағид Әбу әл-Хаир – Шейх Нәжм әд-Дин Туси – Шейх Ахмет Иасауи (De Weese, 2025:33). Ал, Қожа Әбді Халық Ғыждуанидің «Мақамат-е Йусуф Хамадани» атты рисаласында «Жүсіп Хамаданидің қасиетті насихаты» деген бөлімінде: «Кейін қасиетті жүзін маған қаратып: «Ей, Әбді Халық, Қожа Әбу Әлидің (Фармади) төртінші халифасы болғанымдай, сен де біздің төртінші халифамыз боласың», – деді. Қарасам, көздері жасқа толып тұр екен. Мен: «Сізден кейін кім халифа болады?», – деп сұрадым. Шейх хәзірет: «Бізден кейін орнымызға Қожа Абдолла Баррақи өтеді, кейін Қожа Хасан Андақи, одан кейін Қожа Ахмет Иасауи. Қожа Ахмет Иасауи Түркістан өлкесіне кеткен соң, сен халифа боласың. Әрине, хәзірет Мұхаммедтің (ғ.с.) шарифат жолында бол және шарифат шегарасынан әсте шықпа, кім дінге қарсы шықса, оған тосқауыл бол. Алла Тағала жақсысын біледі», – деген дерек кездеседі (Ғиждувоний, 2003:9). Әбді Халық Ғыждуанидің Ахмет Иасауидің Жүсіп Хамаданидің шәкірті болып, кейіннен Түркістанға келгенін жазуы Науаи келтірген мәліметті қуаттай түседі.

Науаи өз еңбегінде Ахмет Иасауи туралы да мәлімет қалдырған. Ол: «Түркістан мүлкінің машайықтар шайқы, дәрежесі ұлық, кереметі таңданарлық. Шәкірттерінің есебі жоқ, патша мен жарлының шексіз ықыласына бөленген. Имам Жүсіп Хамаданидің шәкірттерінен. Қожа Әбді Халық Ғиждуанимен сұхбаттасқан, Қожа Абдолла Баррақи мен Қожа Хасан Андақимен Имам Жүсіп Хамаданиға мүрид болған. ...Мазары Түркістанда Иасы деген жерде. Түркістан жұртының дұғағөй қыбласы», – деп жазады (Алишер Навоий, 2001:413). Сондай-ақ, осы жерде Шайқы Рази әд-Дин Әли Лаланың Шайқы Нәжм әд-Дин Кубраға шәкірт болардан бұрын Иасауидің тәлімінде болғанын да атап өтеді. Кубрауи рухани мектебінің негізін қалаған Шайқы Нәжм әд-Диннің (1145-1221 жж.) көптеген мүридтер тәрбиелегені, солардың қатарында Шайқы Мәжд әд-Дин Бағдади, Шайқы Хумуйи, Баба Камал, Шайқы Сәйф әд-Дин Бахарзи, Шайқы Нәжм әд-Дин Рази, Шайқы Жәмәл әд-Дин Гили секілді шәкірттерінің аты аталады (Алишер Навоий, 2001:286). Осылардың ішінде Шайқы Сәйф әд-Дин Бахарзидің

(1190-1261 жж.) Жошы ұлысының ханы Беркенің (1209-1266 жж.) дінге келуіне тікелей әсер еткен (Алтын Орда әдебиеті, 2022:24). Берке ханның Исламды қабылдауымен Дешті Қыпшақта исламдану үдерісі қарқынды жүргені белгілі.

Науаи осылайша иасауия тариқатын ұстанған Шайқы Әли Лаланың бергін келе Нәжм әд-Дин Кубрауиге шәкірт тұтынуын келтіре отырып, иасауия мен кубрауия рухани мектептерінің бауырластығына ишара жасаған. Сол секілді Халил ата арқылы иасауия мен нақышбандия тариқаттарының бауырластығын да көрсетеді. Бұл туралы Науаи, Иасауи рухани мектебінің өкілі Халил ата туралы дерегінде ашып айтады. Онда Қожа Баһау әд-Дин Нақышбандтың бір күні түсінде түркі машайықтарының ұлығы (*турк мәшайихінің кибәрідін-дур*) Хакім атаны көргені, сонда анасының саған түркі машайқынан несібе болады дегені, содан Бұхара базарынан Халил атаны кездестіргені, бірақ ол жерде сұхбаттасуға уақыт болмағаны, кейін оның алдына жеміс-жидек алып барғанында, Халил атаның Баһау әд-Диннің не мақсатта келгенін сұрамастан илһәм арқылы білгені, содан оның тәлімінде алты жыл болғаны, ұстазының атақ-даңқы Мәурәннәһирге жайылғаны, кейін Бұхара қыстақтарынан Реуартунге келіп тұрақтағаны айтылады (Алишер Навоий, 2001:255-256).

Науаи, Қожа Баһау әд-Диннің рухани жетілуінде иасауи рухани мектебі өкілдерінің үлесі зор болғанын Құсам Шайқы туралы келтірген деректе де атап өтеді. Сейіт Әмір Куләлдің тәлімінде жүрген Баһау әд-Дин Нақышбанд ұстазының айтуымен Иасауи әулетінен Құсам Шайқының (*Хожа Әхмәд Иәссәуи қ.с. ханаданыдын-дур*) алдына барғанын, оның қызметінде үш ай болғанын, сонда Шайқы Қожаның тоғыз ұлы бар екенін, алайда олардан мұның (Нақышбандтың – Т.Қ.) ұлық әрі алғыр (*улуғрақ уә муқаддамрак*) екенін, содан Құсам Шайқы Бұхараға келген сайын Қожа Баһау әд-Динге соғып кетіп тұрғанын жазады (Алишер Навоий, 2001:254-255).

Науаидің осы агиографиялық туындысында Иасауидің шәкірттері туралы да біраз мәліметтер қамтылған. Ол Иасауидің негізгі төрт халифінің бірі – Сүлеймен Бақырғанидың қалайша Хакім ата атымен танымал болғанына назар аударады. Онда бір күні Ахмет Иасауидің шәкірттерін отын жиып келуге жұмсағаны, мүридтері отынды алып келе жатқандарында жаңбыр жауып, шәкірттердің қолындағы отындарының бәрі су болғаны, сонда Сүлеймен Бақырғани үстіндегі шапанын шешіп, отынды орап, құрғақ қалпында алып келгені, шәкіртінің тапқырлығына сүйсінген Иасауи «ей, перзент, хакімдік іс қылдың» (*«ей фәрзәнд, хәкиманә іш қылдың»*) дегені, содан бастап Хакім лақабы қосылғаны жазылады. Бақырғанидың хикмет жазғанын (*«хикмәт тілі гуйа болуб-дур»*), даналық сөздерінің түркілердің арасына кеңінен тарағанына тоқталып (*«аның фәуайді әтрәк арасыда мәшһур-дур»*), бір шумақ өлеңін мысал ретінде келтірген (Алишер Навоий, 2001:414).

«Нәсәим әл-мухәббәт мин шәмәим әл-футууәтта» Иасауи ханаданынан шыққан Ысмайыл, Ысқақ, Қожа Бәһәу әд-Дин, Қожа Баязид, Қожа Халил, Хұсайын Шайқы секілді рухани аталар туралы да мәліметтер келтірілген. Мысалы, Ысмайыл атаның Қожа Ахмет Иасауидің Ибраһим ата деген інісінің ұлы екенін, Иасауиге мүрит болғанын, көптеген кереметтер көрсеткенін, он жеті не он сегіз баласы жолғанын, олардың арасынан Ысқақ атаны өз орнына қалдырғаны, жасы жүзге таянғанында дүниеден өткені айтылған (Алишер Навоий, 2001:414). Ысқақ атаның өз әкесінің орнына отырып (*«хәләфу хәлифә»*), көптеген шәкірттер тәрбиелегеніне де тоқталған (Алишер Навоий, 2001:414). Сондай-ақ, Ысмайыл атаның Хұсайын Шайқы деген де ұлы болғанын, оның көркем мінез иесі екенін, сол үшін де жұрт оны жақсы көргенін, дүниеге қызықпағанын, қайтыс болғанында көзден ғайып болғанын, пайда болғанында осы уақытқа дейін ешбір адам көрмеген бір құстың оның басына қонғанын, жұртты көрген соң оның ұшып кеткенін жазады да, сөз соңын «Уаллаһу әләм», яғни «(Анығын) Алла біледі» деп тамамдайды (Алишер Навоий, 2001:420).

Ысмайыл атаның Ысқақ ата және Хұсайын Шайқы атты перзенттерінен кейін оның немересі Қожа Бәһәу әд-Дин туралы айта келіп, бұл әулетте одан сыйлы һәм құрметті адам шықпағанын, құсбегілікпен айналысқанын, Кашмирға барып, онда мүридтер тәрбиелегенін

атап өтеді (Алишер Навоий, 2001:415). Сонымен бірге Ысмайыл атаның әулетінен Қожа Баязидтің шыққанын, Темірбек (Әмір Темір – Т.Қ.) оның сұхбатына келгендегі көрсеткен кереметіне тоқталады. Бек оның құзырына келгенінде «Егер бұл ердің (Қожа Баязидтің – Т.Қ.) руханияттан (мағына әлемі) хабары болса, бізге ыстық халуа тартады» деп ойлайды. Ол бекпен сәлемдесіп болған соң, дереу халуа үлестіріледі. Оның кереметіне қанық болған Темірбек оған мүрид болып, көп тарту-таралғы бергенін жазады (Алишер Навоий, 2001:415). Осында Науаи «әуелі – сәлем, ортасы – тағам, ақыры – кәләм» деген сөзді алға тартып, келген қонақтарға сәлемнен кейін тамақ ұсыну қажеттілігін атап өтеді.

Ысмайыл атаның әулетінен шыққан рухани ұстаздарды таратып жазған Науаи оның (Ысмайыл атаның) шапаны (хирқа) мен жайнамазы (сәжжада) Қожа Халил атты ұрпағына нәсіп болғанын, оның көркем мінез иесі екенін жазады (Алишер Навоий, 2001:415).

Сейіт ата туралы да мәлімет қалдырған Науаи оның Иасауиге туыс болып келетіндігін алға тартады. Алайда кейбіреулер оның сейіттер әулетіне жатқызатынын да айтады. Тегі сейіт болса да, оны түркі жұрты «ата» деп құрметтейтінін, түркі жұртында танымал екеніне тоқталады (Алишер Навоий, 2001:419).

Науаи агиографиялық туындысында әулие-машайықтардың туған жері мен шыққан тегіне де назар аударуға тырысқан. Рухани силсиласымен бірге, генетикалық туыстығын да ашып көрсеткен. Мысалы, Самарқанның Кеш атты жерінде дүниеге келген Кешліг атаның Иасауидің мазарына барып, риязат тартқанын, содан Шын (Қытай – Т.Қ.) патшалығына барып, шәкірт тәрбиелегенін, әрі сонда жерленгенін алға тартқан. Осы Кеш атаның Омар ата деген інісі болғанын, оның да ағасы секілді жасақ тарту қабілетке ие екендігін, ағасының ізімен Шынға сапар шегіп, риязат тартып, рухани дәрежеге қол жеткізгенін, әрі сонда жерленгенін атап өтеді (Алишер Навоий, 2001:419).

Иасауидің бұл туындысында Түркістанда дүниеге келген кейбір рухани ұстаздар туралы мәлімет қалдыруға тырысқан. Осы өлкеде дүниеге келген Садр атаның өз заманының мүршиді екенін айтып, қысқа ғана қайырған. Оның әулетінен шыққан жасы жүз жиырмаға жетіп дүниеден өткен Жүсіп Шайқы туралы да қысқаша мәлімет береді. Оның Қуһ-е саф деген жерде тұратынан, керемет иесі екенін, мазары да сонда екеніне тоқталады (Алишер Навоий, 2001:416-420).

Сондай-ақ, «Нәсәим әл-мухәббәтта» жанған оты сөнбей тұрған («*Нечә йілләр-дурки, өзі йандұрған чирагы өчмәй-дур*»), түркі ұлысы қадірлейтін Әли ата, жас кезінде-ақ қарт кісілердей құлшылыққа берілген («*Йігітлик әйиәмідін қариләрдек таәт-у ибадәт уә сулук-у рийазатқа мәшғул болұб-дур*») керемет иесі, атағы түркілер арасына кеңінен жайылған Жігіт Ахмет, қылыштасу өнерінің шебері («*сәййәфлік сәнәтыга мәшғул*») Қылыш ата, қызыған темірді жалаң қолымен илеген («*қызық темүрні илігі білә бір аләт йасаб*») дүкенші Темірші ата, Иасауиді жас күнінде тәрбиелеген Бабима Хусәин, жастай қайтыс болып, жігіттер сәруары («*Йігітлікдә өтүб-дур йігітлір сәруәрі*») атанған Хубби Қожа, өзінен алдыңғыны дәл тауып, кейінгіні болжай болжай білген («*нечә йыл өзідін бұрұнқыны, нечә йыл өзідін соңгі келүрні деб-дурләр*») Қорқыт ата, көптеген әулиелерге тәлім берген («*көп мәшайых хидмәт-у сұхбәтіга етіб-дур*») Зеңгі ата туралы қысқаша мәліметтер берілген.

Зерттеу нәтижелері

Әлішер Науаидің «Нәсәим әл-мухәббәт мин шәмәим әл-футууәт» атты туындысында Түркістан пірінің рухани мұрасына қатысты мәліметтер қамтылған. Мұндағы деректерді, негізінен, екіге бөліп қарастыруға болады: генетикалық және рухани силсилалық. Яғни, Иасауи әулетінен шыққан діни-ағартушылар мен оның тариқатын ұстанған мүридтер. Осында Иасауи мұрасына қатысты мәліметтердің тарихи шындығын анықтау үшін оларды жазба деректермен, басқа да агиографиялық туындылармен салыстыра зерттеу маңызды.

«Нәсәим әл-мухәббәтта» Сүлеймен Бақырғанидың нәліктен Хакім аталғаны ұстазының отынға жұмсау оқиғасымен байланыстырылған. Хакім лақыбының келіп шығуына қатысты

тағы бір деректе Қызырдың Иасауиге қонақ болып келуіне қатысты айтылады. Бақырғанидың тапқырлығына риза болған Қызыр «Бұдан былай лақабың Хакім болсын. Жым жүрме, жақсылықты үгітте» деп батасын береді. Содан бастап Хакім ата хикметтер айта бастайды (Қыдыр, 2018:125).

Екі мәлімет түрліше келтірілгенімен де, негізі – бір. Екеуінде де ұстазы Иасауидің отынға жұмсауы, Бақырғанидың отынды шапанына орап, құрғақ қалпында алып келуі, оған рухани ұстаздарының (бірінші деректе Иасауидің, екінші деректе Қызырдың) риза болуы айтылады. Осы айтылған мәліметтер Хакім атаның хикметтерінде де өлең сөзбен өрнектелген:

*Ескі-ұсқын бөркім бар, сары-сасық көркім бар,
Шайқым отынға айтса, бармасқа не еркім бар.
Тоным отынға шұлғаб, тәнім туыққа терлеп,
Ышқдін мухаббат ізләб, Хизр Илияс атам бар* (Бақырған кітабы, 1910;10).

Осы оқиға «Рисалә-е Хәзрәт-е Хәким ата рахматуллаһи әләйһ» атты рисалада кеңінен таратылып жазылған. Онда барша талабалар медресеге барарда Құранды мойындарына асып алып жүрсе, Бақырғани басына көтеріп баратыны, оның сол арқылы Иасауидің назарына іліккені, он бес жасынан мүршидке мүрит тұтынғаны, бір күні Қызырдың қонақ болып келгені, сонда Иасауи өзінің шәкірттерін отын алып келуге жұмсағаны, жолда жауын жауып, баршаның отыны су болғаны, оларды отқа салғанда жанбағаны, тек қана Бақырғанидың отыны жанғаны, себебін сұрағанда оның отынды шапанына орап, құрғақ қалпында алып келгені, оған риза болған Қызырдың дем үрлеп, «хакімдік іс қылдың, атың Хакім Сүлеймен болсын» («*hōṣ ḥakīmāne iṣ kılıp tip aydılar kim seniñ atıñ Ḥakim Süleymān bolsun tidiler*») дегені, сонда Иасауидің «атың мен демің құтты болды, алайда тарту болмады» («*Süleymānga kutluk nefes birle kutluk at boldı velikin baḥşıṣ bolmadı tip aydı*») дегені, сонда Қызырдың Сүлейменнің аузына түкіріп, «неге тұрсың, сырлар мағынасын баянда» («*ni turur-sin esrār ma'nusini izhār kılğıl*») дегенінде, оның жоғарыдағы жыр жолдарын айтқаны айтылады (Buzrukov..., 2025:461).

Сондай-ақ, Фәхр әд-Дин Әли Сәфи де өзінің «Рашахат эин әл-хәйәт» атты еңбегінде Хакім атаның хикметтері Түркістанда кеңінен тарағынан айта келіп, оның «Кімді көрсен Қызыр біл, Әр түнді Қадір біл» («*Hәр-кім көрсәң Хизр біл, Hәр түн көрсәң қадір біл*») деген бәйтін үзінді ретінде берген (Фахруддин Али, 2004:25).

Анонимдік осы рисалада Хакім атаның Бұғра ханның Анбар деген қызына үйленгені, одан Анбар, Асғар және Хубби деген үш ұл сүйгені, Хубби қожаның бір қара аты және бір қара тазысы болғаны, сонымен күнде киік аулап, әкесіне алып келетіні, сонда Хакім ата оның «дәруіш емес, сарбаз болады» («*bu oğlum derviş bolmas sipāhi bolur*») деп ойлағаны, алайда Хуббидің әкесімен ілім таластырғаны, бауыздалған тоғыз сиырды қайта тірілткені, Қағбаның сұлбасын жамағаттың көз алдына алып келгені, оның кереметтеріне таңырқаған Хакім атаның «бір қазанға екі қошқардың басы сыймайды» («*iki қошқар баши bir қазанда қаянаmas ve sığmas*») дегенінде, Хубби «егер мүйіздерін кесіп тастаса, үш қошқардың басы сияды» («*iki қошқарниñ баши bir қазанға sığmas müñüzleri birle ve eger müñüzlerini kisseler üç (7) қошқарниñ баши bir қазанға sığar*») деп жауап қатқаны, Хуббидің киіктің терісіне жамылып, көзден ғайып болғаны, сонда Хакім атаға «Хубби ғайып болмағанында, оның ұрпағынан алпыс әулие («*seniñ Ḥub atlıg oğluñniñ neslidin dünyāda altmış veli kopar irdi*») шығатын еді, енді оның обалы саған, енді үстіңнен қырық жыл су ағады, содан соң ғана тазарасың» («*Hubbi atlıg barçanıñ günāhi saña turur ol kim seniñ üstüñdin kırk yıl suv aqğay andın soñ ol günāhlardın arinursın tip fermān boldı*») деген аян келгені айтылады (Buzrukov..., 2025:463-466). Осы діни хикаяның ізімен бертін келе Құл Шәріп (т.ж.б. – 1552 ж.) «Хубби Қожа қиссасын» («Қиссә-е Хубби Хожа») жазған. XVI ғасырда жазылған бұл қисса 1899 жылы Қазандағы Императорлық университеттен жарық көрген (Қиссә-е Хубби Хожа, 1899).

Науаи «Нәсәим әл-мухәббәтта» Хубби Қожаның Харезм өлкесінде дүниеге келгенін, түркі халықтарының арасына ол туралы хикаялардың кеңінен тарағандығы соншалық, оларды таратып айтып жатудың артық екендігін («аусафы турк уә узбәк хәлайықы арасыда әндің көпрак уә машһуррақ-дурки, шәрхға ихтийажы болмағай»), жас кезінде дүниеден өткенін, оны «жігіттер сұлтаны» («йігітләр сәруары») деп атайтынын жазып, қысқаша ғана атап өтеді (Алишер Навоий, 2001:414).

Әлішер Науаи өзіне дейін жеткен түркі даласынан шыққан әулиелерге қатысты мәліметтердің кейбірін барынша қысқартып, ықшамдап беруге тырысқан. Оны ел арасына тараған Хубби Қожа хақындағы мәліметтердің бәрін баяндап отырмастан, «шәрхға ихтийажы болмағай», яғни таратып айтып жатудың өзі артық деп, қысқа қайырғанынан аңғаруға болады. Сол секілді ел арасына көп тараған Зеңгі ата туралы аңыздарға кеңінен орын берместен, «түркі ұлысының атақтыларынан. Ол туралы көп әңгіме бар» («Уә турк ұлұсыда мәшаһирләрдің-дүр. Әнің бабыжа һәм көп сөзләр мәнқул-дур») деп, ары қарай таратып жазуды артық санаған.

Ал, кейбір діни-ағартушылардың ғұмыр тарихын толық баяндамаса да, оларға қатысты мәліметтерді кеңірек жеткізуге тырысқанын оның Қутб әд-Дин Хайдар туралы жазбасынан аңғаруға болады. Ол өз туындысында Хайдардың Түркістап патшасының ұлы екендігін, Түркістан піріне мүрид болғанын, кішкентайынан Иасаудің сұхбатына қатысқанын, әуеліде ата-анасының қарсылығына қарамастан, райынан қайтпағанын, кейіннен ұстазының шарапатына бөленіп, Хорасан өлкесіне жіберілгенін, сонда Тұрбат және Зауе жерге тұрақтағанын, ол жерлерде белгілі мақамдарға қол жеткізгені соншалық, атақ-даңқы әлемге тарағанын, сол жердегі Хайдари деген қауымының өзінің тегін осы әулиеден тарататынын, қабірі сонда болғандықтан да, ол жердің бүгінде Тұрбат деп аталатынын жазады (Алишер Навоий, 2001:413-414).

Расында да һижри VI-VII ғасырларда өмір сүрген Қутб әд-Дин Хайдари Түркістаннан Хорасан өлкесінің Зауе деген жеріне қоныс аударып, сонда көптеген шәкірттер тәрбиелеп, елдің құрметіне бөленгені, қайтыс болғанында, сонда жерленгені парсы жазба деректерінде де кездеседі. Ол жер алғашында «Турбат-е Қутб әд-Дин Хәйдәр» деп, бертін келе қысқаша түрде «Турбат-е Хәйдәр» деп аталған. Иасаудің шәкіртінің құрметіне аталған бұл шаһар Мешһедтен оңтүстікке қарай 145 км. қашықтықта орналасқан (Мухаммад, 1366:75).

Иасауи рухани мектебінің таралу аймағын зерделеген уақытта Дешті Қыпшақ, Мәурәннәһірмен бірге, Хорасан өлкесіндегі топономикалық атауларға да назар аудару қажеттілігі алға шығады. XV ғасырда жазылған Науаидің агигорафиялық туындысының ерекшелігі де осында дер едік.

Қорытынды

Әлішер Науаидің «Нәсәим әл-мухәббәт мин шәмәим әл-футууәт» атты туындысы Фәрид әд-Дин Аттардың «Тәзқирәт әл-әулия», Әбді Рахман Жәмидің «Нәфәхәт әл-унс мин хазарат әл-қудс» атты еңбектерінің негізінде жазылғанмен де, олардың шығармаларына енбеген түркі даласынан шыққан әулие-машайықтар туралы мәліметтер қамтылған. Оның агигорафиялық туындысының да ерекшелігі де осында. Науаи Қожа Ахмет Иасауи мен оның рухани шәкірттері туралы өзіне дейін жеткен мәліметтерді жинақтап, жүйелеп, қысқа да нұсқа етіп беруге тырысқан. Нәтижесінде түркі даласынан шыққан Иасауи, Хакім ата, Ысмайыл ата, Ысқақ ата, Темірші ата, Жігіт Ахмет секілді т.б. діни ағартушылар туралы мәліметтер түркі әдеби тілінде дүниеге келген. Сол арқылы түркі халықтарынан шыққан рухани ұстаздардың Ислам әлеміндегі орнын ашуды көздеген. Себебі Науаиге дейін араб, парсы тілдерінде жазылған агигорафиялық туындыларда түркіден шыққан әулие-машайықтар туралы толыққанды мәлімет берілмеген еді. Сол олқылықтың орнын Науаи толықтырған деуге негіз бар.

Сондай-ақ, Науаи осы туындысында кейбір діни тұлғалардың өмір тарихын беру арқылы иасауи-кубрауи, иасауи-нақышбанд тариқаттарының бауырластығын да ашып көрсеткен.

«Нәсәим әл-мухәббәт мин шәмәим әл-футууәт» шығармасында кездесетін мәліметтерді бізге дейін жеткен басқа да рисала, манақыбнама, тәзкіре секілді агиографиялық шығармалармен салыстыра зерттеудің маңызы зор. Сонда ғана Иасауи мен шәкірттерінің рухани мұрасына қатысты шынайы тарихи деректерге қол жеткізеріміз анық.

Әдебиет:

Алишер Навоий, 1999 – *Алишер Навоий*. Мукаммал асарлар тұплами. Йигирма томлик. 15-т. Хамсат ул-мутахәййирин. Ҳолоти Саййид Ҳасан Ардашер. Ҳолоти паҳлавон Муҳаммад. Назм ул-жавохир. Тошкент: Фан, 1999. 224 б.

Алишер Навоий, 2001 – *Алишер Навоий*. Мукаммал асарлар тұплами. Йигирма томлик. 17-т. Насойим ул-муҳаббат. Тошкент: Фан, 2001. 517 б.

Алтын Орда әдебиеті, 2022 – Алтын Орда әдебиеті. Генезис, жанрлық ерекшелік, дәстүр жалғастығы. Алматы: Evo Press, 2022. 320 б.

Ардашникова, 2016 – *Ардашникова А.Н., Рейснер М.Л.* Эволюция жанра тазкере в иране XIII–XIX вв.: от антологии к справочнику // Вестн. моск. ун-та. сер. 13. Востоковедение. 2016. № 1. 3-18 сс.

Бақырғани кітабы, 1914 – Бақырған кітабы. Қазан: Каримовтар баспаханасы, 1914. 78б.

Buzrukov, 2025 – *Buzrukov M., Sultanbek K., Tuimebayev Zh.* Özbekistan’da bulunan önemli bir kaynak: Risāle-i ḥazret-i Ḥakim Ata rahmetullāhi ‘aleyh // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Velî Araştırma Dergisi, Bahar-Mart 2025, Sayı 113. 455-486 ss.

De Weese, 2025 – *De Weese D.* The sufi treatise ascribed Ismail ata: Notes on an early Yasavi source in turkic // // Халықаралық симпозиум материалдары. 2-т. Түркістан: «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, 2025. 212 б.

Esir, 2017 – *Esir H.A., Karaca S.* Üç sufi tabakat kitabinin mukayesesi: nefehâtü’l-üns, nesâyimü’l-mahabbe ve fütûhu’l-mücâhidîn // Recep Tayyip Erdogan Universtiy Journal of Social Sciences. №5, 2017. 81-115 ss.

Керім, 2024 – *Керім Ш.* Ғұлама Хусамуддин ас-Сығнақи. Алматы: Turan, 2024. 128+16 б.

Қиссә-е Хубби Хожа, 1899 – Қиссә-е Хубби Хожа. Казань: Типо-литография Императорского Университета, 1899. 15 б.

Қораев, 2020 – *Қораев Ш.* Навоий ўқиган китоблар. Тошкент: Замонпресс, 2020. 176 б.

Қыдыр, 2028 – *Қыдыр Т.* Дешті қыпшақ даласындағы ислами әдебиет (X-XV) (Ислам, иман және ихсан мәселелерінің жырлану ерекшеліктері): Монография – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. 200 б.

Merver, 2024 – *Merver K.* Табақат ve tezkire yaziminda farklilaşan üslûp özellikleri – Ali Şîr Nevâî’nin Mecâlisü’n-nefâyis ve Nesâyimü’l-mahabbe min şemâyimi’l-fütüvve eserleri örneklerinde // Divan Edebiyatı Araştırmaları Dergisi/The Journal of Ottoman Literature Studies. № 33, 2024. 369-389 ss.

Молотова, 2025 – *Молотова Г.* Письменные памятники средневековья о некоторых городах и личностях страны тюрок // Халықаралық симпозиум материалдары. 1-т. Түркістан: «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, 2025. 444 б.

Мухаммад, 1366 – *Мухаммад Р.Х.* Жағрафийә-е тарихи-е уилайәт-е Зауе. Мәшһәд: Остон-у Қудс-е Рәзәуи, 1366. 470 с.

Tosun, 2025 – *Tosun N.* Erken dönem bir Yesevi metni: İsmail ata risalesi // Халықаралық симпозиум материалдары. 2-т. Түркістан: «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, 2025. 212 б.

Фахруддин Али Сафий, 2004 – *Фахруддин Али Сафий*. Рашахоту айнил-хаёт (Обихаёт томчилари): тарихий маърифий асар. Тошкент: Абу Али Ибн Сино, 2004. 536 б.

Хасан, 2012 – *Хасан Н.* Яссавийликка доир манбалар ва «Девони хикмат». Тошкент: Akadempnashr, 2012. 304 б.

Хожа Абдулхолиқ Ғиждувоний, 2003 – *Хожа Абдулхолиқ Ғиждувоний*. Мақомоти Юсуф

Ҳамадоний. Тошкент: Янги аср авлоди, 2003. 44 б.

References:

Alisher Navoiy, 1999 – *Alisher Navoiy*. Mukammal asarlar tʻplami. Yigirma tomlik. 15-t. Hamsat ul-mutaxayyirin. Ҳолоти Саййид Ҳасан Ардашер. Ҳолоти пахлавон Мухаммад. Назм ул-зхавохир [A complete collection of works. Twenty volumes. 15-t. Hamsat ul-mutaxayyirin. The situation of Sayyid Hassan Ardasher. The situation of paxlavon Muxammad. Nazm ul-zhavoxir]. 1999. Toshkent: Fan. 224 p. (in Uzb.).

Alisher Navoiy, 2001 – *Alisher Navoiy*. Mukammal asarlar tʻplami. Yigirma tomlik. 17-t. Nasoyim ul-muxabbat [A complete collection of works. Twenty volumes. 17-t. Nasoyim ul-muhabbat]. 2001. Toshkent: Fan, 517 p. (in Uzb.).

Altın Orda adabietı, 2022 – Altın Orda adabietı. Genezis, zhanrlıq erekshelik, dastur zhalgastığı [Literature of the Golden Horde. Genesis, genre specificity, continuity of tradition]. 2022. Almatı: Evo Press. 320 p. (in Kaz.).

Ardashnikova, 2016 – *Ardashnikova A.N., Reysner M.L.* Evolyuciya zhanra tazkere v irane XIII–XIX vv.: ot antologii k spravochniku [The evolution of the genre in Iran XIII-XIX centuries: from an anthology to a reference book] // Vestn. mosk. un-ta. ser. 13. Vostokovedenie. 2016. № 1. P.3-18. (in Rus.).

Baqırgani kitabı, 1914 – Baqırgan kitabı [The book of Baqırgan]. 1914. Qazan: Karimovtar baspahanası. 78 p. (in Turk.).

Buzrukov, 2025 – *Buzrukov M., Sultanbek K., Tuimebayev Zh.* Özbekistan’da bulunan önemli bir kaynak: Risāle-i Һazret-i Һakim Ata rahmetullāhi ‘aleyh [An important source found in Uzbekistan: Risale-i Һazret-i Һakim Ata rahmetullāhi ‘aleyh] // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Velı Araştırma Dergisi, 2025. № 113. P. 455-486.

De Weese, 2025 – *De Weese D.* The sufi treatise ascribed Ismail ata: Notes on an early Yasavi source in turkic // // Halıqaralıq simpozium materialdarı. 2025. Turkistan: «Aziret Sultan» Ulttıq tarihi-madeni muzey-qorığı. 212 p. (in Eng.)

Esir, 2017 – *Esir H.A., Karaca S.* Üç sufi tabakat kitabının mukayesesi: Nefehātü’l-üns, Nesāyimü’l-mahabbe ve Fütūhu’l-mücāhidîn [Comparison of three Sufi books of tabrat: Nefahat al-uns, Nesayim al-mahabbe and Futuhul-mujahidin] // Recep Tayyip Erdogan Universtiy Journal of Social Sciences. 2017. №5. P. 81-115. (in Turk.).

Kerim, 2024 – *Kerim SH.* Gulama Husamuddin as-Sıgnaqi [Scholar Husamuddin as-Sıgnaqi]. 2024. Almatı: Turan. 128+16 p. (in Kaz.).

Qissa-e Hubbi Hozha, 1899 – Qissa-e Hubbi Hozha [The story of Hubbi Hozha]. 1899. Kazan: Tipo-litografiya Imperatorskogo Universiteta. 15 p. (in Turk.).

Qoraev, 2020 – *Qoraev SH.* Navoiy yʻqigan kitoblar [Books read by Navoi]. 2020. Toshkent: Zamonpress, 176 p. (in Kaz.).

Qıdır, 2028 – *Qıdır T.* Deshti qıpshaq dalasındagı islami adabiet (H-HV) (Islam, iman zhane ihsan meselelerinin zhırlanu erekshelikleri) [Islamic literature in the Deshti-Kipchak steppe (X-XV) (Features of the poetic treatment of Islam, faith and ihsan issues)]. 2018. Astana: Ruhani qundılıqtardı qoldau qorı korporativtik qorı. 200 p. (in Kaz.).

Merver, 2024 – *Merver K.* Ҙabaqāt ve tezkiye yazımında farklılaşan üslup özellikleri – Ali Şîr Nevâî’nin Mecâlisü’n-nefâyis ve Nesāyimü’l-mahabbe min şemāyimi’lfütüvve eserleri örneğinde [Differing Style Features in the Writing of Ҙabaqāt and Tezkire – In the Sample of Ali Şîr Nevâî’s Works Mecâlisü’n-nefâyis and Nesāyimü’l-mahabbe min şemāyimi’lfütüvve]. // Divan Edebiyatı Araştırmaları Dergisi/The Journal of Ottoman Literature Studies. 2024. № 33. P. 369-389. (in Turk.).

Molotova, 2025 – *Molotova G.* Pismennie pamyatniki srednevekoviya o nekotorih gorodah i lichnostyah strani tyurkov [Written monuments of the Middle Ages about some cities and personalities of the country of the Turks] // Halıqaralıq simpozium materialdarı. 1-t. 2025. Turkistan: «Aziret Sultan» Ulttıq tarihi-madeni muzey-qorığı. 444 p. (in Rus.).

Muhammad, 1366 – *Muhammad R.H. Zhagrafiya-e tarihi-e uilayat-e Zaue* [Historical geography of Zaue region]. 1366. Mashhad: Oston-u Quds-e Razau, 470 p. (in Pers.).

Tosun, 2025 – *Tosun N. Erken dönem bir Yesevi metni: İsmail ata risalesi* [An early Yesevi text: Ismail Ata treatise]. // Haliqaraliq simpozium materialdaru. 2-t. 2025. Turkistan: «Aziret Sultan» Ulttiq tarihi-madeni muzey-qorigi, 212 p. (in Turk).

Fahrudin Ali, 2004 – *Fahrudin Ali Safiy. Rashaxotu aynil-xaët (Obixäet tomchilari): tarihiy maъrifiy asar* [Rashaxotu aynil-xaët (Drops of Life): a historical and educational work]. 2004. Toshkent: Abu Ali Ibn Sino. 536 p. (in Uzb.).

Hasan, 2012 – *Hasan N. Yassaviylikka doir manbalar va «Devoni hikmat»* [Sources on Yassaviism and the «Divani Hikmat»]. 2012. Toshkent: Akademnashr. 304 p. (in Uzb.).

Hozha Abdulholiq, 2003 – *Hozha Abdulholiq Gizhduvoniy. Maqomoti Yusuf Xamadoniy* [The rank of Yusuf Hamadoni]. 2003. Toshkent: Yangi asr avlodi. 44 p. (in Uzb.).

¹Кыдыр Т.Е. ²Утпинов Н.Т. ³Адилбаев А.Ш.

¹Исламский научно-исследовательский институт ДУМК, г. Алматы, Казахстан
^{2,3}Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, г. Алматы, Казахстан
E-mail: ¹qydyr.torali@gmail.com, ²eskendirmahambet1@gmail.com,
³shamshat.nmu@mail.ru

ЗНАЧЕНИЕ СВЕДЕНИЙ О ЯСАВИ И ЕГО МЮРИДАХ В ТРУДЕ АЛИШЕРА НАВОИ «НАСАИМ АЛЬ-МУХАББАТ МИН ШАМАИМ АЛЬ-ФУТУВАТ»

Аннотация. Сведения о духовном наследии и последователях Ахмеда Ясави можно найти в различных письменных памятниках. Важно изучать эти реликвии, написанные в разных жанрах, таких как табакат, тазкире, манакибнама и рисала, и проверять подлинность содержащихся в них данных. Некоторые средневековые памятники, написанные на персидском и тюркском языках, содержат новую информацию, при этом информация, имевшаяся в одном памятнике, повторяется в той же форме в следующем памятнике. Дошедшие до нас письменные памятники датируются XIII–XX веками. Одним из таких письменных памятников является произведение Алишера Навои «Насаим аль-мухаббат мин шамаим аль-футуват». Он изучал дошедшие до него агиографические произведения на арабском и персидском языках и стремился включить в свои труды религиозных просветителей тюркского происхождения, которые в них не были включены. В результате было написано произведение, наиболее наполненное религиозными просветителями из тюркского мира. В этом памятнике содержится сведений о Ясави и его учениках, таких как Хаким Ата, Исмаил Ата, Исхак Ата, Садр Ата, Темирши Ата, Кылышты Ата, которая не вошла в тазикри персидских поэтов (Атгар, Джами). В этом произведении Навои постарался охватить как можно больше представителей духовной школы (ордена) Яссауи, предоставив краткие сведения о святых и мессиях из Хорасана, Мавераннахра и Дешт-и-Кипчака. Он также обратил внимание на духовное братство между орденами (ясавийя-кубравийя, ясавийя-накишбандия), предоставив биографические сведения о некоторых религиозных деятелях. В данной статье автор представляет свои выводы о самобытности произведения Навои и значимости содержащихся в нем данных для в области ясавиведения. Он обращает внимание на подлинность некоторых изложенных в нем данных. Целью исследования является определение достоверности сведений, относящихся к тарикату Ясави, в произведении «Насаим аль-мухаббат мин шамаим аль-футуват». Основные задачи – чтение материала с оригинала, изучение религиозных и суфийских святынь, сравнение с агиографическими памятниками и т.д. Поэтому в ходе исследования использовался историко-сравнительный метод для сопоставления древних текстов, а также методы аналитического анализа для

представления информации из исторических памятников, обобщения имеющихся данных и анализа полученных результатов. Новизна исследования заключается в получении достоверных исторических данных о Яссави и его мюридах. Практическая значимость заключается в широком использовании наследия представителей духовной школы Яссави в пропаганде традиционных исламских ценностей. В заключении обобщены основные выводы, сделанные в ходе исследования.

Благодарность. Статья выполнена в рамках проекта «Новый взгляд на наследие Ясави: комплексное изучение феномена святого в истории суфизма в казахской традиции и Центральной Азии» (AP19675718).

Ключевые слова. Навои, Ясави, агиография, тазкире, источник, литература, письменный памятник, духовное наследие.

¹Kydyr T., ²Utpenov N., ³Adilbayev A.

¹ Islamic research institute RAKM, Almaty, Kazakhstan

^{2,3} Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹kydyr.torali@gmail.com, ²eskendirmahambet1@gmail.com,

³shamshat.nmu@mail.ru

THE SIGNIFICANCE OF DATA ABOUT YASAWI AND HIS MURIDS IN THE WORK OF ALISHER NAVOI «NASAIM AL-MUHABBAT MIN SHAMAIM AL-FUTUWAT»

Abstract. Information about the spiritual heritage and followers of Ahmed Yasawi can be found in various written monuments. It is important to study these relics, written in different genres such as *tabaqat*, *tazkire*, *manaqibnama* and *risala*, and verify the authenticity of the data contained in them. Some medieval monuments written in Persian and Turkic languages contain new information, and the information contained in one monument is repeated in the same form in the next monument. The written monuments that have reached us date from the 13th-20th centuries. One of such written monuments is the work of Alisher Navoi «Nasaim al-muhabbat min shamaim al-futuwat». He studied the hagiographic works that had reached him in Arabic and Persian and sought to include in his works religious educators of Turkic origin who were not included in them. The result was a work that was most filled with religious educators from the Turkic world. This monument contains information about Yasawi and his students, such as Hakim Ata, Ismail Ata, Ishak Ata, Sadr Ata, Temirshi Ata, Kylyshy Ata, which was not included in the *tazikri* of Persian poets (Attar, Jami). In this work, Navoi tried to cover as many representatives of the spiritual school (order) of Yasawi as possible, providing brief information about the saints and messiahs from Khorasan, Maverannahr and Dasht-i Kipchak. He also drew attention to the spiritual brotherhood between the orders (Yasaviyya-Kubrawiyya, Yasaviyya-Naqishbandiya), providing biographical information about some religious figures. In this article, the author presents his conclusions about the originality of Navoi's work and the significance of the data it contains for the field of Yasavi studies. He draws attention to the authenticity of some of the data presented in it. The aim of the study is to determine the reliability of information related to the Yasawi *tariqa* in the work «Nasaim al-muhabbat min shamai al-futuwat». The main tasks are reading the material from the original, studying religious and Sufi shrines, comparing with hagiographic monuments, etc. Therefore, the study used the historical-comparative method to compare ancient texts, as well as analytical methods to present information from historical monuments, summarize the available data and analyze the results obtained. The novelty of the research lies in obtaining reliable historical data about Yasawi and his murids. The practical significance lies in the extensive use of the heritage of the representatives of the Yasawi theological school in the promotion of traditional Islamic values. In conclusion, the main conclusions of the study are summarized.

Acknowledgments. The article was written within the framework of the project «A New Look at the Legacy of Yasawi: A Comprehensive Study of the Phenomenon of the Saint in the History of Sufism in the Kazakh Tradition and Central Asia» (AP19675718).

Keywords. Navoi, Yasawi, hagiography, tazkire, source, literature, written monument, spiritual heritage.

Сведения об авторах:

Қыдыр Торали Едилбайұлы, кандидат филологических наук, Директор Исламского научно-исследовательского института ДУМК, Алматы, Казахстан.

Утпинов Наурызбай Таганович, PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, г. Алматы, Казахстан.

Адилбаев Алау Шайқымұлы, PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан.

Авторлар туралы мәлімет:

Қыдыр Төрәлі Еділбайұлы, филология ғылымдарының кандидаты, ҚМДБ Ислам ғылыми-зерттеу институтының директоры, Алматы, Қазақстан.

Утпинов Наурызбай Таганович, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, ғылыми қызметкер, Алматы қ., Қазақстан.

Әділбаев Алау Шайқымұлы, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің доценті, Алматы қ., Қазақстан.

Information about authors:

Kydyr Torali, candidates of philology sciences, Director of the Islamic Research Institute, Almaty, Kazakhstan.

Utpenov Nauryzbai, PhD, Researcher, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan.

Adilbayev Alau, PhD, Associate Professor of Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan.